Пуассон коэффициенті, сондай-ақ, *E* серіппелілік модулі материалдың физикалық қасиеттерін сипаттайды; оның мәні металлдар үшін 0,25 - 0,35 шектерінде ауытқиды.


2.3. Материалдардың негізгі механикалық сипаттамалары

Материалдардың механикалық қасиеттері үлгілерді созу арқылы сынай отырып тәжірибе жолымен анықталады.

Үлгілерді сынап болған соң созу диаграммасын σ , ϵ координаттарында қайта құрады. 2.5-суретте көрініп тұрғандай, ол F , Δl координаттарындағыдай түре болады (2.3-суретті қараңыз), бірақ осы қисық үлгінің қасиеттерін емес, материалдың қасиеттерін сипаттайды. Осы диаграммада тән нүктелерді белгілейік.

Оған дейін материал Гук заңын сақтайтын кернеудің ең көп мәні σ_n **пропорционалдық шегі** деп аталады.

Материалдың серіппелік қасиеттері серіппелілік шегі деп аталатын кернеу мәніне дейін сақталады. σ_c **серіппелілік шегі** ретінде оған дейін материал қалдық деформацияларын алмайтын кернеудің ең үлкен мәні түсініледі.



2.5-сур.

Іс жүзінде пропорционалдық шегін және серіппелілік шегін өлшеуге қиынға соғады, сондықтан, σ_n және σ_c мәндері материалдар қасиеттері жөніндегі анықтамалық мәліметтерге әдетте енгізілмейді.

Аққыштық шегі ретінде кернеудің деформацияның өсуі жүктемені елеулі түрде өзгертпей орын алатын мәні түсініледі. Диаграммада аққыштықтың айқын көрінетін алаңшасы болмаған жағдайларда аққыштық шегі ретінде шартты түрде қалдық деформация 0,2 % құрайтын кернеу мәні алынады. Осы жағдайда **аққыштықтың шартты шегі** $\sigma_{0,2}$ арқылы белгіленеді. Егер созу кезіндегі аққыштық шегін қысу кезіндегі аққыштық шегімен салыстыру қажет болса, белгілеуге қосымша индекстер енгізіледі: сәйкесінше «с» немесе «қ» ($\sigma_{a,c}$ және $\sigma_{a,k}$). Аққыштық шегі эксперимент жолымен оңай анықталады, сондықтан, ол материалдың негізгі механикалық сипаттамаларының бірі болып табылады.

Үлгі көтеруге қабілетті максималды күштің оның көлденең кесуінің бастапқы алңына қатынасы **беріктік шегі** немесе үзуге **уақытша үзілу кедергісі** $\sigma_{y,k}$ (қысу — $\sigma_{y,c}$) деп аталады. Үлгі бұзылатын іс жүзіндегі

кернеу стуақ астам болады, себебі осы сәттегі көлденең кесу ауданы мойын пайда болғнадықтарн, бастапқы алңнан аз (диаграммада кернеу үлгінің бастапқы көлденең кесу ауданына қатысты есептеледі). $\sigma_{\text{уақ}}$ мәні материалдар беріктілігінің салыстырмалы сипаттамасы болып табылады және есептеулерде жиі пайдаланылады.

Сынақтар кезінде материалдың тағы бір сипаттамасы - 8 % ұзу кезіндегі салыстырмалы үзілгенше созылу анықталады. **Салыстырмалы үзілгенше ұзару** үлгінің белгілі бір стандартты ұзындығында үзілу сәтіне қарай пайда болатын орташа қалдық деформация мәні. Үлгінің стандартты ұзындығы $l_0 = 10d$, немесе $l_0 = 5d$ ретінде болады, бұл жерде d — үлгінің диаметрі.

2.4. Созу және қысу кезінде беріктікке есептеу

Конструкция элементтерінің мөлшерін жұмыс кезінде **материалдарды барынша аз жұмсап беріктілігін** қамтамасыз ететіндей іріктеу қажет.

Конструкцияны талдаудың негізінде ең көп кернеу стең көп пайда болатын нүкте анықталады. Анықталған кернеу мәнін осы материал мен конструкция үшін жол берілетін кернеу мәнімен салыстырады.

Конструкция жобалау сатысында болған жағдайда **n запас коэффициентін** белгілейді. Оны есептелетін конструкция жұмысының нақты жағдайларына байланысты тағайындайды. Техниканың әрбір саласында өз дәстүрлері, өз талаптары және есептеу ерекшеліктері қалыптасқан. Мысалы, ұзақ пайдалану мерзімдеріне есептелген құрылыс ғимараттарын жобалау кезінде запастар үлкен болып алынады ($n_b = 2 \dots 5$). «В» индексі запас σ_b беріктілік шегінен есептелетінін көрсетеді. Конструкцияға массасы бойынша шектеулер қойылатын авиациялық техникада запас коэффициенті $n_b = 1,3 \dots 2,0$ құрайды.

Запас коэффициенттерінің мәні материал қасиеттеріне де байланысты. Материал илемді болған жағдайда запас коэффициенті аққыштық шегінен алынады ($n_t = 1,5 \dots 2,0$), ал морт материалдар үшін запас беріктілік шегінен есептеледі және $n_b = 2,5 \dots 4,0$ ретінде алынады.

Запас коэффициентін белгілей отырып, конструкцияның осы элементі үшін **жол берілетін кернеу** есептеледі

$$[\sigma] = \frac{\sigma_a}{n_a} \text{ немесе } [\sigma] = \frac{\sigma_b}{n_b}$$

Кернеуді тандай отырып, шартты құрастырады

$$\sigma_{\text{сн коп}} \leq [\sigma]$$

Одан жобаланып отырған элементтің мөлшерлері анықталады.

2.2- мысал. 2.2, а-сур. келтірілген кесте бойынша тиелген дінгектің көлденең кесулер диаметрлерін анықтау (материал — шынықпаған болат 30, $\sigma_{\text{а.с}} = \sigma_{\text{а.к}} = 330 \text{ Н/мм}^2$). F күш = 1 000 Н.

Шешілуі.

1. Алдымен N эпюраларын және σ салу қажет. Эпюраларды құрастырудың әдістемесі және реттілігі 2.1-мысалда келтірілген.
2. Запас коэффициентін анықтаймыз. Материал илемді болғандықтан, запас коэффициентін $n_a = 1,5$ деп аламыз.
3. Жол берілетін керенуді есептейміз:

$$[\sigma]_{\text{а.с}} = [\sigma]_{\text{а.к}} = \frac{330}{1,5} = 220 \text{ Н/мм}^2.$$

4. Кернеулер эпюрасын талдай отырып (2.2, д- сур. қараңыз) екі учаскеде бірдей кернеу пайда болады деген тұжырым жасаймыз $\sigma_{\text{сн коп}} = F / S$. Осы материал үзуге де қысуға да бірдей жұмыс істейді, яғни осы учаскелердің кез келгені үшін шартты жазып алуға болады $\sigma_{\text{сн коп}} \leq [\sigma]$:

$$\frac{1000}{S} = 220 \text{ Н/мм}^2.$$


5. Алынған теңдеуден дөңгелек дінгек диаметрлерін анықтаймыз: $S = 4,55 \text{ мм}^2$. $S = \pi r^2$ біле отырып, $r_1 = 1,2 \text{ мм}$; $d_1 = 2,4 \text{ мм}$ анықтаймыз. Аудан $S_2 = 2S$, болған учаскеде диаметр $d_2 = 3,4 \text{ мм}$.

2.5. Кесу және жапыру

Ығысу (қиық) кезіндегі кернеу және деформация. Бір шетімен қабырғаға мықтап бекітілген қысқа дінгекке (2.6, а-сур.), осіне перпендикулярлы түрде F күшін салса, көлденең кесулерде кесу жазықтығында ішкі көлденең күш Q яғни **жананама кернеу** $\tau = Q / S$ пайда болады (2.6, б-сур.).


Діңгектің көлденең кесулері жоғрағы қыры горизонтальмен бұрыш құрайтындай бір-біріне қатысты ығыстырылады. τ жанама кернеу γ бұрыштық деформациясына тікелей пропорционалды екені анықталды:

$$\tau = G \gamma.$$




2.6-сур.

бұл тәуелділік **ығыстыруға арналған Гук заңын** білдіреді. Болат тілкемді немесе қағазды қайшымен қиған жағдайда немесе, мысалы, шегеленген қосындыға осы қосынды есептелгеннен гөрі көп күш түсірілген жағдайда кесу құбылысын байқауға болады.



2.7-сур. F түсірілген күштер ығыстыру деформациясын тудыратындығы және олардың әсерінен шегеленген жердің кесілуі мүмкін болатындығы көрсетілген.



Ығыстыру кезіндегі серіппелілік модулі бірінші қатардағы серіппелілік модулі E -ге байланысты:

$$G = \frac{E}{2(1+\mu)}.$$

2.7-сур.

модулін анықтауға болады. Мысалы, болат үшін $E = 2 \cdot 10^5 \text{ Н/мм}^2$, $\mu = 0,3$, яғни,

Егер E және μ белгілі болса, ығыстыру кезіндегі серіппелілік

$$G = \frac{2 \cdot 10^5}{2 \cdot (1 + 0,3)} = 0,77 \cdot 10^5 \text{ Н/мм}^2.$$

Ығыстыру – бұл кернеулі жай-күй. Егер ығыстыру кезінде пайда болған деформациялар серіппелілік шегінде болса, жүктемені алып тастағаннан кейін бөлшектің мөлшері мен пішіні қалпына келтіріледі. Егер серіппелілік шегі асып кетсе, илемді деформациялар пайда болады. Жүктемені алып тастағаннан кейін кесудің белгіленген жері қалады. Шекті кернеуге қол жеткізілгеннен кейін кесу орын алады.

2.3-мысал. Бұрандама тойтарма шеге беріктілігін тексеру (2.7-сур.қараңыз), егер кесу кезіндегі жол берілетін кернеу $[\tau]_{\text{ке}} = 100 \text{ Н/мм}^2$ болса.

Шешілуі.

Бұрандама тойтарма шегелердің көлденең кесулерінде берілген күштер әсерінен пайда болатын іс жүзіндегі жанама кернеуді анықтаймыз. Бұрандама тойтарма шегелер саны $i = 2$, олар бір жазықтық бойынша кесіледі (кесу жазықтықтарының саны $k = 1$), яғни

$$\tau_{\text{факт}} = \frac{F}{S} = \frac{F}{(ik) \cdot \pi d^2 / 4} = \frac{50000}{2 \cdot 1 \cdot \pi \cdot 20^2 / 4} = 79,6 \text{ Н/мм}^2.$$

Бұрандама тойтарма шегелер беріктігін тексеруді жүзеге асырамыз: бұрандама тойтарма шегенің көлденең кесуіндегі іс жүзіндегі жанама кернеу кесуге жол берілетін жанама кернеуден аз немесе оған тең. Шын мәнінде, $79,6 < 100$.

Яғни, $F = 50 \text{ кН}$ күшінің әсерінен бұрандама тойтарма шегелер кесілмейді.

Жапыру. Екі денелерді жапыру кезінде жанасатын беттердің жапырылу қауіпі пайда болады. Жанасатын беттерде пайда болатын кернеулер *жапыру кернеуі* деп аталады. Жапыру мысалы, шегенделген және сомын қосындыларында пайда болады. Жапыру кернеуі келесі формула бойынша анықталады

$$\sigma_{\text{ж}} = F / S_{\text{ж}},$$

Бұл жерде F — жанасатын беттер жапырылатын күш; $S_{\text{ж}}$ — жапыру ауданы.

Егер жапыру бету қисық сызықты болса, осындай бетті жапыру ауданы осы беттің жапыру күшінің әрекет ету сызығына перпендикулярлы жазықтыққа проекция ауданы ретінде есептеледі.

2.4- мысал. Шегенделген қосынды ауданын тексеру (2.7-сур. қараңыз):
 $[\tau]_{ке} = 100 \text{ Н/мм}^2$; $[\sigma]_{ж} = 240 \text{ Н/мм}^2$; $[\sigma]_c = 140 \text{ Н/мм}^2$.

Шешілуі.

Шегендеменің кесілгенше беріктігін тексереміз (әдістемесі 2.3-мысалда келтірілген).

Қосылып жатқан табактардағы тесіктер қабырғасын жапырғанша тексереміз:

$$\sigma_{\text{факт ж}} = \frac{F}{i\delta a} = \frac{50000}{2 \cdot 10 \cdot 20} = 125 \text{ Н/мм}^2$$

Алынған іс жүзіндегі жапыру кернеуінің мәні жол берілетіннен төмен, себебі шарт бойынша $[\sigma]_{ж} = 240 \text{ Н/мм}^2$. Яғни, тесіктер қабырғаларының жапырылуы орын алмайды.

Табактардың созылғанша беріктігін тексереміз:

$$\sigma_{\text{іс жүз.соз.}} = F / S \leq [\sigma]_{ж}.$$

Қауіпті кесуді анықтау үшін күрделі жағдайларда N эпюралары, содан кейін σ салынады. Бұл жағдайда есеп қарапайым болып табылады. Қауіпті болып $A - A$ кесуі табылатыны анық. Осы көлденең кесудегі аудан $S = 10 \cdot (120 - 2 \cdot 20) = 800 \text{ мм}^2$, ал іс жүзіндегі кернеу

$$50000 / 2$$

$$\sigma_{\text{іс жүз.соз.}} = \frac{50000}{800} = 63,3 \text{ Н/мм}^2$$

Ол жол берілетіннен төмен: $63,3 < 140$.

Яғни, шегенделген қосындының беріктілігі жеткілікті деп есептеуге болады.

Машиналардың бөлшектері және механизмдері

Теориялық механика және материалдар қарсылығы негізіндегі «Машиналардың бөлшектері және механизмдері» курсына жекелеген элементтерді және машиналардың қарапайым қосындыларын есептеу ерекшеліктері және құрастыру қағидаттары қарастырылады.

3.1. Машиналар және олардың негізгі элементтері

«Машина» сөзі энергияны пайдалы жұмысқа өзгерту үшін арналған техникалық құрылғыларды атау үшін пайдаланылады.


Техникалық құрылғы ретінде машина құрылысының немесе құрал құрылысының объектілерді өзгертуге, табуға, ауыстыруға, бақылауға және басқаруға арналған бұйымы аталады. Техникалық құрылғыларға машиналар, саймандар, құралдар және т.б. жатады. Техникалық құрылғылардың әсер ету объектілері ретінде материалдар, дайындамалар, бұйымдар, энергия, ақпарат, пайдалы қазбалар, өсімдіктер және т.б. табылады. Адамдардың қатысуымен қызмет ететін және олармен басқарылатын техникалық құрылғы қолды техникалық құрылғы деп аталады, мысалы, бұрғы (қолды бұрғы). Адамдардың бұлшық ет энергиясын және тірі емес табиғат энергиясын біртіндеп пайдалану арқылы қызмет ететін (мысалы, электр қозғалтқыштары, пневмо- немесе гидромотор) және адамдармен басқарылатын техникалық құрылғы механизацияланған техникалық құрылғы деп аталады; мысалы, электрлік бұрғы. **Автоматтандырылған құрылғы** тірі емес табиғат энергиясын пайдалана отырып адамның тікелей қатысуынсыз белгіленген алгоритм бойынша қызмет етеді және басқарылады.

Машина деп энергетикалық, беру, атқару және басқару құрамдас бөліктерінен тұратын және материалдың энергияның немесе ақпараттың жай-күйін тікелей өзгерту үшін механикалық қозғалысты орындайтын жеке техникалық құрылғы аталады.

Барлық машиналарды энергетикалық және жұмыс машиналары деп топтастыруға болады. **Энергетикалық машиналарға** энергия шығаратын сығымдағыштар, генераторлар, су турбиналары және т.б. жатады. **Жұмыс машиналары технологиялық** (металл кесу білдектерге, бақылау-сұрыптау автоматтарына, ұста-баспақ жабдығына), көліктік (робоклар, көтергіш крандар, конвейерлерге) және электронды (электронды-есептеу машиналарына, компьютерлерге) машиналарына бөлінеді.

Кез келген машина **қозғалтқыш, ауыстыратын және атқару** механизмдерінен тұрады. Мысалы, металл кесу білдегінде қозғалтқыш механизм деп электромотор, ал автомобиль көлігінде іштен жанатын қозғалтқыш; жону білдегінде атқару механизмі ретінде (оны сондай-ақ, жұмыс органы деп атайды) кесу құралы бар суппорт, ал автомобиль көлігінде – дөңгелек аталады. Тетіктерден, біліктерден, тегершіктерден, белдіктерден, тісті дөңгелектерден және т.б. тұратын ауыстыратын механизмдер қозғалысты ауыстырады және қозғалтқыштан жұмыс органдарына береді. Мәселен, жону білдегінде электр қозғалтқышынан суппортқа қарай қозғалыс белдікті беріліс, жылдамдық қорабы, беру қорапшасы, қозғалғыш бұранда және бірқатар тісті кинематикалық жұптар арқылы атқару механизміне беріледі. Автомобиль көлігінде ауыстыратын механизм қызметін беріліс қорапшасы және кардан білігі атқарады. Сонымен, механизм — ол машинаның ішкі құрылғысы, ол машинаны іске қосады. Өзгеше сөзбен айтқанда, механизм ретінде қатты денелер жүйесінен (механизм буындарынан) тұратын, бір немесе бірнеше денелердің (басқаратын) қозғалыстарын және жылдамдықтарын жүйенің қалған денелерінің талап етілетін қозғалыстарына беру және ауыстыруға арналған техникалық құрылғы аталады.

Бөлшектер — әрқайсысы жинауды пайдаланбастан орындалған (мысалы, білік, тістегіріш, сомын, бұрандама, сірге, тікұшақтың бұрандасы) машиналардың және механизмдердің құрамдас бөліктері. Күрделі машиналардағы бөлшектер саны ондаған және жүздеген мың құрайды. Мысалы, автомобиль көлігінде 15 мыңнан астам бөлшек бар, прокат жабдығының автоматтандырылған кешендерінде – миллионнан астам.




3.1-сур.

Машинада бір мақсатпен біріктірілген конструктивті оқшауланған бірліктер түріндегі бірлесіп жұмыс істейтін бөлшектер жиынтығын ажыратуға болады. Бұл жинақтау бірліктері **түйіндер** деп аталады. Бір машинаның түйіндерін әр түрлі зауыттарда дайындауға болады. Осындай түйіндерге мысал ретінде жалғастырғыштарды, бәсеңдеткіштерді, электрлік сүмбілерді, шарлы мойынтіректерді атауға болады.

Машиналар мен түйіндер бөлшектерінің түрлері:


Жалпы мақсаттық — машиналардың көптеген типтерінде пайдаланылады: ол бұрандалар, түйреуіштер, сомындар, тісті дөңгелектер, сіргелер, сұққыштар, сыналар, теңселуші мойынтіректер, жалғастырғыштар, шайбалар, бәсеңдеткіштер;

Арнайы мақсаттық — машиналар типтерінің шектелген түрлерінде пайдаланылады, мысалы, турбиналық дөңгелек, металл кесу білдегінің сүмбісі, тікұшақ бұрандасы, микро орын ауыстыру түйіні.



3.2-сур.

Екі қозғалмалы жалғастырылған бөлшектер **кинематикалық жұп** құрайды. 3.1-сур. Сәйкесінше төменгі (а — айналымды; б — алға бағытталған; в — бұрандалы) және жоғарғы (г — тісті) кинематикалық жұп көрсетілген. Кинематикалық жұпты құрайтын денелер **буындар** деп аталады. Қозғалмалы жалғастырылған кинематикалық жұптар буындарының жиынтығы **кинематикалық жынжыр** деп аталады. 3.2-сур. тісті дөңгелектер (3.2, а-сур.) жұбынан, сондай-ақ, цилиндрлік, конустық және бұрамдық жұптардан (3.2, б-сур.) тұратын кинематикалық шынжырлар көрсетілген.



3.3-сур.

Егер кинематикалық шынжырда бір буынды бекітетін болсақ, механизмдер пайда болады (3.3-сур.).

3.2. Айналмалы қозғалыс бөлшектері


Машиналарда айналмалы қозғалыс бөлшектерінің көптеген түрлері пайдаланылады: тісті дөңгелектер, белдікті беріліс тегершігі, барабандар, шынжырлы берілістер жұлдызшалары, сермерлер, білдек сүмбілері, автокөліктер және гидротурбиналардың дөңгелектері. Осы айналатын бөлшектердің барлығы біліктер және остерде орнатылады.

Ось ретінде айналмалы бөлшектерді ұстап тұруға ғана арналған бөлшек аталады; остер айналатын сәтті бермейді. Көбінесе остер тік болып дайындалады. Олар екі типте болуы мүмкін: айнамайтын және қозғалмалы, яғни оларға орнатылған бөлшектермен бірге айналатын. Есептік кестелерде сотер иілу кезімен жүктелген бөренелер түрінде көрсетіледі, яғни есептеулер кезінде айналатын сәт және үйкелу күші ескерілмейді.

Остерге қарағанда, **біліктер** машиналардың айналатын бөлшектерін қолдап қана қоймай, айналатын сәтті береді, сондықтан, оларды бұрау және бүгудің бірлескен әрекетін ескере отырып есептейді. Егер біліктегі айналатын сәттердің мәндері бүгілетін сәттер мәндерінен артық болса, біліктер жеңіл жүктелген болып есептеледі және оларды бұрауға ғана есептейді.

Геометриялық ось пішіні бойынша біліктер **тік** және **иінді** болып бөлінеді. Иінді біліктерді машинадағы қайтымды ілгерілеме қозғалысты айналмалы қозғалысқа және керісінше ауыстыру қажеттілігі болған кезде пайдаланады. Осындай біліктерде біліктер функциялары иін – бұлғақты механизмдердегі қос иін қызметтерімен ұштастырады. Икемді біліктер ерекше топты құрайды, олардың геометриялық ось жағдайлары кеңістікте өзгеруі мүмкін.

Көбінесе остер мен біліктердің екі тіреуі бар, бірақ, көп тіреулері бар трансмиссиялық біліктер де бар, олардың жекелеген бөліктері муфтаармен қосылады. Біліктер мен остердің тіреу бөліктері шетмойын 1 (3.4-сур.) деп аталады, аралық сандар мойындар, ал шеттегілер — бұртабандар деп аталады. Шетмойын радиалды жүктемені береді; шетмойын ұғындығы теңселу мойынтірегі астында сырғанау мойынтірегінің астындағыдан аз. Білікті (ості) өзге бөлшектермен қосу үшін беттерінде буатты ... жасайды 3.4- сур. "1" паздары 4,



саңылау 3; бұранда кеседі 2 және оймакілтектер. 6. Белдік кесулерінің күрт өзерулері оның шаршаңқылық төзімділігін төмендетеді. Сондықтан, бір кесуден екіншіге қарай өту икемді, 5 ойықтар түрінде орындалуы тиіс.

3.3. Корпустық бөлшектер

Корпус бөлшектері машиналар механизмдерін орналастыруға қызмет етеді, олар негізгі тораптардың өзара орналасудың тірегі мен базасы болып табылады және машинаның пішінін немесе оның жеке тораптардың пішінін құрайды.

Корпус бөлшектері елеулі дәрежеде жүктеме, дірілдеуге тұрақтылық, ұзақ мерзімділікке жұмыс дәлдігі өлшемдері бойынша машиналардың жұмысқа қабілеттігін және сенімділігін анықтайды. Стационарлық машиналарда корпус бөлшектері машинаның барлық массасынан 70 ...85 % құрайды.

Корпус бөлшектерінде үлкен қаттылығы болуы тиіс, сондықтан оларды серпімдіктің жоғары модулімен материалдардан жасайды (жылумен өндеусіз шойыннан және болаттан жасалады, өйткені корпус бөлшектері үшін жылумен өңдеу қиын).

Көбінесе корпус бөлшектерін шойыннан жасайды, бұл күрделі геометрикалық формаларды алуға болады. Көлік машиналарындағы корпус бөлшектері, мысалы қозғалтқыштың қартерлері, сондай-ақ стационарлық машиналардың жылжымалы бөлшектері, мысалы, үлкен жүктемемен жұмыс істейтін мікбастар, жиі жоғарлатылған бекімділікке жататын жеңіл қоспалардан орындайды.

Дәнекерленген құрылымдарды массаны және ауқымды көлемдерін азайтуға, сондай-ақ жалғыз және ұсақ сериялы өндірісте құймалы корпус бөлшектеріне қарағанда, дәнекерленген бөлшектер арзандау болады.

Ауыр машина құрылысына дәнекерлеу-құйма құрылымдарды қолданады, өйткені олар ірі құймалардың әзірлеуін елеулі түрде жеңілдетеді (мысалы, бүйірінен сүргілеу станоктарының тұғырын жасау, олардың бағыттаушылардың ұзындығы 20 м жете алады).

Ірі корпус бөлшектері үшін соңғы кездерде бетонды және темір-бетонды құрылымдар қолданылады. Бетон дірілдеуді жақсы басады, бұл жалпы машинаның қаттылығын ұлғайтады. Бұдан басқа, шойынмен салыстырғанда, бетон температу-раның ауытқуларына азырақ сезімтал.

Бетон серпімдігінің модулі шойын серпімдігінің модулінен азырақ болады, осындай құрылым қаттылығын қабырғалар қалыңдығын ұлғайту есебінен алуға болады. Корпус бөлшегінің массасы норма шектерінде қалады, өйткені бетонның тығыздығы сүр шойынның тығыздығынан үштен бір бөлігін құрайды. Алайда бетонның кемшілігі бар: қатып қалғаннан кейін ылғалды сіңіп алу мүмкін, бұл көлем өзгерістеріне әкеп соқтырады. Бұдан басқа, бетонға май түсу оған зақымдану келтіреді.

Келешегі бар материал полимерлік бетон болып табылады, оның серпімдігінің жоғары модулі бар ($E = 40 \text{ кН/мм}^2$) және бетонға тиеселі кемшіліктері де жоқ.


Көптеген жүктемелер жоқ және өлшемдер тұрақтылығын талап етпейтін аз массасымен корпус бөлшектерін пластмассада жасайды. Осындай бөлшектерге құралдардың корпустары, жылжымады машиналар және құралдар, қақпақтар, тыстар, тұрмыстық құралдардың корпустары және т.б. жатады.

3.4. Серіппелер мен рессорлар

Серіппелер мен рессорлар — серпімді элементтер болып табылады. Серіппелердің және рессорлардың қолдану аясы өте кең болады:

- 1) берілген тұрақты күштерді жасау – бастапқы қысу немесе созу — үйкеліспен берілісте, үйкелісті жалғастырғыштарда, тежеуіштерде, сақтандырғыш құрылғыларда, шайқау мойынтіректерде;
- 2) орнын ауыстыру дәлдігіне саңылаулар әсер етуін жою үшін тетіктердің күшті түйісуі;
- 3) серіппені алдын ала бұрау негізінде қозғалтқыштың функцияларын орындау, мысалы сағат құралдарында;
- 4) көлік машиналарында, автомобильдерде, теміржол вагондарда, құралдарда, дірілдеу оқшайлайтын машина тіректерінде дірілдеуді оқшаулау;
- 5) соққы энергиясын басу, мысалы, артиллериялық қаруларда қолданатын буферлік серіппелер көмегімен. Үлкен жылжуларда серіпимді элементтердің арқасында соққы энергиясы басылады да, соққы күші азаяды. Бірінші үш оқиғадан айырмашылығы, буферлік және дірілдеуді оқшаулайтын серіппелер машина жұмысына зиянды энергияны жинайды;
- 6) серіппелердің бұрамалардың серіпимді орнын ауыстыру арқылы өлшеу құралдарында күштердің өзгеруі.


Рессорлар (3.5-сурет) парак материалынан алады; иілмелікті ұлғайту үшін оларды әртүрлі ұзындығымен парақтардан жинайды, бұл оларды көлденең иілісінің қарсыласуына тең денелерге жақындатады. Парақтар



3.5-сур.

арасындағы үйкелу ауытқулардың демпфирлеуді қамтамасыз етеді. Парақты рессорларды көбінесе дірілдеуді окшаулау (автомобильдердің, теміржол вагондардың ілмектерін серіппілеу) және соққыны қабылдау (ұсталық-басу жабдығында) қолданады. Парақтар арасындағы тығыз түйісуді қамтамасыз ету үшін және ұзақ парақтардың кейбір жүктемесін алып тастау үшін (ұзын парақтардың сынуы қысқалармен салыстырғанда қауіпті болады) керек. Қысқа парақтарды көбірек қисықпен жасайды. Рессорларды кремнийлі болаттан, кремненикельді және хромарганецтік болаттан әзірлейді.

Серіппелер — ең әмбебап серіпімді элементтер; олар жоғарыда аталған барлық алты жағдайда қолданылады. Серіппелер созылуға (3.6, а сурет), қысылуға (3.6, б сурет), бұруға (3.6, в сурет) жұмыс істейді де, көлденең иілімін қабылдамайды. Бұндайда оларды рессорлармен алмастырады. Форма бойынша серіппелер әртүрлі болады: цилиндрлік (3.6, а — в сурет), тегіс спиральді (3.6, г сурет), тарелке тәрізді (3.6, д сурет), фигуралық және т.б.



3.6-сур.

Серіппелерге арналған материалдар жоғары және тұрақты серіпімді қасиеттері болуы тиіс. Сондықтан, негізгі материал жоғары көміртекті болаттар 65, 70, марганецті болат 65Г, кремнийлі болат 60С2А, хромованадийлі болат 50ХФА және т.б. болып табылады.

3.5. Бөлшектердің берік қосындылары

Бекітуді немесе бөлшектердің өздерін бұзғанда ғана торап бөлшектеуі мүмкін болатын қосындыларды берікке жатқызады.

Бұл дәнекерленген, тойтарылған, желімденген қосындылар; жылжымайтын қосындылар пластмассалық бөлшектерді армирлеу арқылы алынады; жылжымайтын бөлшектердің қосындылары тартып отырғызғанда да пайда болады.

Дәнекерлеу қосындылары. Дәнекерлеу жолымен алынған берік қосындыларды дәнекерленген қосындылар деп атайды. *Дәнекерлеу* — тігісте заттың жылу және механикалық энергияның термодинамикалық қайтарымсыз айналу арқылы материалдардың монолиттік қосуын алу үдерісі болып табылады. Дәнекерлеген кезде берік қосынды дәнекерленген бөлшектерді жергілікті қыздыру кезінде немесе пластикалық пішінін өзгерткенде немесе екеуінде бірге жасағанда дәнекерленген бөлшектер арасында атомаралық байланыстарды орнату арқылы қамтамасыз етіледі.


Дәнекерлеу сапасы пісірілетін үстілердің формаларына және дайындық тазалығына және жұмыстарды өндіру жағдайларына байланысты. Дәнекерленген тігістердің бекімдігі дәнекерлейтін металл мен дәнекерленетін бөлшектердің металы өзара сінуіне байланысты: шалапісірілім немесе дәнекерленетін бөлшектердің металын артық пісіру болуы да мүмкін. Екі ақау тігістің бекімділігін төмендетуге әкеп соқтырады.

Дәнекерлеу қосындыларының қолдануы механикалық қосу алдындағы артықшылықтары арқасында кеңейеді: құрылымның азайтылған массасы; қосындының саңылаусыздығы; қалың профильдерді дәнекерлеу және қосу әдерісін автоматтандыру мүмкіндігі. Дәнекерленген болат құрылымдары шойын құйылғандардан жеңілдеу болады — кейбір кезде 50 % дейін, ал болаттан құйылғандардан — 30 % дейін жеңілдеу болады. Прокаттан дәнекерленген құрылымдардың құны болаттан құйылғандардың немесе шыңдалған темірлер құнына қарағанда екі есе азырақ болады.

Дәнекерлеудің кемшіліктері: дәнекерлеу тігісін бақылау қиындылығы; дәнекреушінің біліктілігіне байланысты болатын тігіс сапасының тұрақсыздығы; — осы кемшілік автоматты дәнекерлеуді қолданумен жойылады; дәнекерлеу тігісі жерінде кернеулер шоғырлануы, кейбір кезде әртүрлі текті металдарды дәнекерлеу қиындылығы мен мүмкінсіздігі; көптеген жылулық шығуы және оның салдарынан дәнекерлеу құрылымының шалыстануы пайда болатын елеулі ішкі кернеулер жасалуы; дірілдеу және динамикалық жүктемелерде қосындының жеткіліксіз бекімдігі.


Қосылатын элементтердің өзара орналасуы бойынша дәнекерлеу қосындыларын келесілерге бөлуге болады:

- түйістіре пісірілген қосылыстар (3.7 сурет); осындай қосылыстардың тігістерін түйістірілген деп атайды;



3.7-сур.

- таврлық қосылыстар; қосылатын элементтер бір біріне перпендикулярлық болады, бұл ретте бір элемент басқаның бүйірлі үстіне бүйіржағынан пісіріледі (3.8, а сурет). Сөре мен қабырға арасындағы бұрыш тік болуы мүмкін және 90° айырмашылығы болуы мүмкін;
- бұрышты қосылыстар — қосылатын элементтер бір біріне бұрышпен орналасқан, жиектерінен пісіріледі (3.8, б сур.);
- айқас қосылыс — қосылатын элементтердің үстілері бір біріне жабылады. Айқас қосылыстар бұрышты (3.8, в сурет) және тығын тігістерімен орындалады (3.8, г сурет).



3.8-сур.

Түйістіре пісірілген тігістерді қосылатын элементтердің номиналдық кесімі бойынша бекімділікке есептейді (тігістерді қалыңдығын есепке алмай).

Созылу (кысылу) кернеуі төмендегі формула бойынша анықталады

$$\sigma_{c(k)} = \frac{F}{l\delta} \leq [\sigma']_{c(k)},$$

бұнда l — тігістің есептелген ұзындығы (мм), ол шалапіскенге 10 мм алып тастап тігісі ұзындығына тең болады; δ — парақтың қалыңдығы. Дәнекерленген тігістерде рұқсат етілген кернеулер $[\sigma']$ 3.1.кесте бойынша таңдалады.

Рұқсат етілген созылатын (қысатын) күш

$$[F] = [\sigma']_{c(k)} l \delta.$$

3.1. кесте. Статикалық жүктемеде дәнекерленген тігістерде рұқсат етілген кернеулер

Дәнекерлеу тәсілі және электродтың типі	Түйістіре пісірілген тігістер		Кескен кездегі бұрышты (валик тәрізді) тігістер $[\tau]_{ep}$
	созылғанда $[\sigma']_c$	қысқанда $[\sigma']_k$	
Түйіспелі нүктелік	—	—	$0,50 [\sigma]_c$
Қол электрод Э34	$0,60 [\sigma]_c$	$0,75 [\sigma]_c$	$0,50 [\sigma]_c$
Қол электрод Э42	$0,80 [\sigma]_c$	$0,90 [\sigma]_c$	$0,60 [\sigma]_c$
Автоматты флюс қабатынан, түйіспелі балқытумен, қорғау газының ортасында Э42А және Э50А қол электродтарымен	$0,90 [\sigma]_c$	$[\sigma]_c$	$0,65 [\sigma]_c$

Ескертпе. $[\sigma]_p$ — созылған кезде құрылымның негізгі металына рұқсат етілген кернеу; $[\sigma]_c$, $[\sigma]_k$, $[\sigma]_{ке}$ — бұрышты тігіс үшін кескенде және түйіспелі тігіс үшін созылғанда және қысқанда рұқсат етілген кернеулер.

3.1. мысал. Ст3 болаттан екі жолақ ($[\sigma]_c = 160 \text{ Н/мм}^2$) түйіспелі пісірілген және созылатын күшпен жүктеме салынған (3.9 сурет). Э42 электродтармен қол дәнекерлеу жүзеге асырылатын болса, рұқсат етілген күшті анықтау керек.


Шешім.

1. 3.1 кестеден $[\sigma']_c = 0,8[\sigma]_c = 0,8 \cdot 160 = 128 \text{ Н/мм}^2$ таңдаймыз.

2. Тігістің есептік ұзындығын анықтаймыз $l = 180 - 10 = 170 \text{ мм}$.

3. Рұқсат етілген созылатын күшті анықтаймыз

$$[F] = 128 \cdot 170 \cdot 8 = 174,08 \text{ кН}.$$




3.9-сур.

Егер қосылатын элементтердің жазықтығында M иілмелі сәті мен созылатын (қысатын) күш әрекет етсе, кернеу осылайша болады

$$\sigma = \frac{M}{W_c} \pm \frac{F}{l\delta} \leq [\sigma]_c$$

бұнда W_c — тігістің есептеу кесімінің қарсыласу сәті болып табылады.



3.10-сур.


Айқас қосылыстар бұрышты тігістер күш бағытына қарай орналасуы бойынша перпендикулярлық орналасқан маңдайлыға (3.10, а сурет); параллельдік орналасқан бүйірліге (3.10, б сурет); бұрышты орналасқан қисықтарға (3.10, в сурет), және құрамдастарға бөледі. Бұрышты тігістердің ұзындығын тігістердің аяғында болатын ақаулар салдарынан 30 мм кем емес таңдап алады. Маңдайлы тігістерді екі жақтан салады, жабылуы 4δ кем болмауы тиіс. Маңдайлы және қисық тігістердің максималды ұзындығын шектемейді. Бүйірлі тігістердің ұзындығын $(50...60)k$ аспайтын қылып таңдауға ұсынады, бұнда k — тігістің көлденең кесімінің үшбұрыштың катеті болып табылады. k мөлшері, әдеттегідей, δ парақтардың қалыңдығына тең. Барлық бұрышты тігістердің есебі бірыңғай формула бойынша жасалады:

$$\tau_{ке} = \frac{F}{0,7kl} \leq [\tau']_{ке}; [F] \leq 0,7 kl [\tau']_{ке}.$$

Дәнекерлеу тәсіліне қарамастан, көрінетін тігісті МЕМСТ 2.312—72* «Дәнекерлеу қосылыстардың тігістерін шартты суреттеуі және белгілеуі» сәйкес тұтас желімен суреттейді, ал көрінбейтін тігісті—пунктирмен көрсетеді; тігістің суретінен желі шығарылымды өткізеді, ол біржақты тілмен аяқталады (3.10 суретке қараңыз). Нүктелі түйіспелі дәнекерлеуде көрінетін жалғыз дәнекерлеу нүктесін + белгімен суреттейді, көрінбейтін жалғыз нүктені сұлбада көрсетпейді. Тігіс катетінің мөлшері Δ белгімен көрсетіледі, ал оң жақта тұратын катет биіктігін сан миллиметрде көрсетеді.

Дәнекерлі қосылыстар пәсірілгендердің бір түрі болып табылады. **Дәнекерлеу** деп балқыту температурасынан төмен қосылатын материалдарды жылыту нәтижесінде атомаралық баланыспен қосылыстарды атайды. Дәнекерлеумен әртүрлі текті металдардан жасалған бөлшектерді қосуға болады, сондай ақ металдан және шыныдан, керамикадан, графиттен және басқа металды емес материалдардан жасалған бөлшектерді қосуға болады. Берілген режимде пісірілген қосылыс шығару материал қасиеті **дәнекерлеу** деп аталады.

Дәнекер ретінде пісірілетін материалдардың балқы температурасынан төмен балқы температурасымен метал немесе қоспа (қалайы, мыс, күміс негізінде) пайдаланады.



3.11-сур.

қышқылды қолданады. Нүктелі қосылыстардың дәнекерлеуін флюстерсіз қорғау газының атмосферасында немесе вакуумда жүргізеді. Қосылыстың бекімдігін жоғарлату үшін түйісетін үстілердің жанасудың үлкен үстілерді қамтамасыз ету қажет, сондықтан қаптаманы (3.11, а сурет) қолданбай ақ, (3.11, б сурет) қолданып, айқас қосылыстар пайдаланады, қиғаштап түйісе қосу (3.11, в сурет); қосымша бөлшектерді енгізеді 1 (3.11, г сурет).


Пісірілетін материал мен дәнекер үстінен тоттыларды алып тастау үшін қолданылады және дәнекерлеу барысында оларға жол бермеу үшін **дәнекерлеу флюс** деп аталатын көмекші материал қолданылады. Флюстер ретінде бура, балқыту шпат және олардың сілтілі металдармен тұздарымен қоспаарын, канифольді, мырыш хлоридін және фосфорлық

Дәнекерді фольга аралықтар, сымдар, таспалар, бытыралар, түріндегі флюсі бар дәнекерленген жеріне салады. Автоматтандырылған пісіруде

дәнекерді паста түрінде шприц-кондырғылармен дозаланған түрде енгізеді.

Жалғыз және ұсақ сериялы өндірісте жергілікті жылытуды дәнекерлегішпен немесе газ жанарғысымен жүргізеді. Көп сериялы және жаппай көпшілік өндірісте жоғары жиілікті токпен (ЖЖТ) ваннада, газ пешінде, электр жылыту мен индукциялық жылыту қолданады. ЖЖТ жылытқан кезде индукторда қосылатын бөлшектерге жақын формаға ие болады, сондықтан бөлшектерді дәнекерлеу жерінде қыздырады (бұл тоттанудан және өзгеруден сақтайды).

Металды және металды емес материалдарды дәнекерлеген кезде ультрадыбыс қолдану перспективасы бар бағыт болып табылады. Жабдық (3.12 сурет) ультрадыбыс жиіліктің генераторынан 1 және ферромагниттік өзегі бар 3 (4 — электрлік орауыш) ультрадыбыстық өзгергішпен 2 электр дәнекергіштен тұрады. Ұштықтың 7 ауытқулар жиілігі шамамен 20 кГц.



3.12-сур.

Осы тәсіл алюминийден жасалған бөлшектерді дәнекерлеуге қолайлы болады, өйткені балқытылған дәнекерде 5 жоғары жиілікті ауытқулар металдың 6 тотталған жабындысын бұзады, бұл флюс қолданудан дәнекерді жүргізуге қол жеткізеді.

Дәнекердің шартты белгілеу белгісі сызбаларда желі шығарылымда салады: $\leftarrow \leftarrow$ — осылау көрінетін тігісті көрсетеді; көрінбейтін үстілерді көрсеткен кезде сызықша қойылмайды $\leftarrow$; периметр бойынша орындалған тігістерді желі шығарылымда шеңбермен белгілейді $\leftarrow \bigcirc$; қажеттілік болғанда, сұлбада тігістің өлшемдерін қояды; дәнекер белгілеуін келесі тип бойынша жазумен сұлбаның техникалық талаптарында көрсетеді: «ПОС 40 МЕМСТ...».

Әртүрлі маркадағы дәнекерлерді пайдалағанда, бір материалмен жасалған барлық тігістерге бір реттік нөмір береді, оны желі шығарылымда көрсетеді, мысалы: $\leftarrow \leftarrow \text{№1}$.

Дәнекер қалдық кернеулер мен өзгертулерді азайтады, кейбір кезде толық алып тастайды. Дәнекердің өте маңызды артықшылықтарына әртүрлі металдар қосу және металдарды металдар еместермен қосу мүмкіндігін жатқызуға болады. Дәнекер көмегімен бекім және

ажыратымды қосылыстарды алуға болады. Соңғысы баспа платасында орнатылған ақаулы құралдарды икемдеу немесе ауыстыру кезінде бөлшектеу қажеттілігі туғанда, радиоэлектрондық аппаратура өндірісінде өте маңызды.

Дәнекер құрылымдардың артықшылықтарына қосылатын бөлшектердің металдар құрылымын және қасиеттерін сақтауға жатқызуға болады. Жоғарыда аталған артықшылықтарды өндірісте кең қолданатын ілгерінді технологиялық үдеріс ретінде қарастыруға болады.

Дәнекерлеумен салыстырғанда дәнекердің кемшілігі қосылыстың шектеулі механикалық бекімдігі, дәнекерлердің елеулі үлкен құны, флюстердің және дәнекерлердің зиянды буланулар болып табылады.

Жапсарланған қосылыстар. Бөлшектердің құрылымдық элементтерінің қалдық өзгеруі мен батырмалар деформациясынан пайда болатын ажыратылмайтын бекім қосылыстарды тойтарылған қосылыстар деп атайды. Осындай қосылыстар батырма тойтарма өзегін салумен ажырату мен қосылатын элементтерінің қосарланған тесіктерге тойтарма жасаумен орындалады. (2.7 сурет).

Тойтармамен әртүрлі және қиын дәнекерленетін материалдардан жасалатын бөлшектер қосылыстарын алады; жылумен өңделген және жылытуға болмайтын түпкүлікті түрде өңделген бөлшектерді алады; дірілдеуге және артық жүктемелерге шалдыққан бөлшектерді алуға қолданады. Жиі тойтарма қосылыстар жоғары және төмен температурада жұмыс істейтін құрылымдарда қолданады, сондай ақ үлкен жүктемелерге тозуға қабілетті бекім қосылыстарды алуға (мысалы, ұшақтар құрылысында) қолданады.

Тойтарыс қосылыстардың кемшіліктеріне оларды әзірлеудің жоғары еңбек сыйымдылығын, тойтармаларға тесіктер бөлшектерін әлсіретуді, кернеулер шоғырлануды және үстілердің тегістігін бұзуды жатқызуға болады. Тойтару үдерісі үлкен шу көтереді, ал тойтарма балғаның дірілдеуі қолмен жинаған кезде жұмысшының қолдарына әсер етеді және бірнеше жылдан кейін кәсіби ауруларға әкеп соқтырады.

Желімденген қосылыстар. Үстілерді жапсыру және желім қабатында молекулярлық байланыс арқылы металды емес затпен бекім қосынды *желімденген қосылыс* деп аталады. Ол желімдерді (адгезидтерді) жанасқан үстілерге салу арқылы пайда болады. Қосылыстардың бекімдігі адгезиондық (бөлшектер мен желімдеген қабат арасында) және когезиондық (желімнің өзінің ішінде) күш қамтамасыз етеді. Әртүрлі материалдан жасалған бөлшектердің бекім қосылыстарын синтетикалық шайыр негізде жасалған желімдермен жүзеге асырады. Іс жүзінде БФ, ВК-1, ВК-2, МПФ-1 және т.б. желімдерді қолданады.


Желімді қосылыстарды қолдану механикалық өңдеу көлемін азайтады, ал бір жағдайларда өнім массасын және оны әзірлеу өзіндік құнын

төмендетеді. Желімді қосылыстардың артықшылықтары әртүрлі және жұқа парақты материалдардың бөлшектерден қосу мүмкіндігі, жоғары қарсыласу, саңылаусыздықты қамтамасыз ету мүмкіндігі, тоттануға қарсы тұрақтылығы, кернеудің аз шоғырлануы, аз массасы болып табылады.

Соңғы жылдары желімдеу жауапты машиналар мен құрылыстарда (ұшақтар мен көпірлер), метал кесетін станоктарда (төзімділікті жоғарлату үшін бағыттаушыларға фторпласты желімдейді) кеңінен қолданады. Тісті дөңгелектерді белдікпен түйісу бекімділігін көтеру үшін жетістікті қолданады; мойынтіректердің сыртқы дөңгелектерін корпуска орнату үшін, атап айтқанда кесу өлшемдерін жоғалтқан кезде; ойыма қосылыстарын тығыздау үшін қолданылады.

Желімді қосылыстардың кемшіліктеріне жұлып алуға (үзілу, қабаттану) аз бекімдігін, кейбір желімдер уақыт өте ескеретінді, басқа дәнекерлеу және тойтарма қосылыстарға қарағанда, азырақ ұзақ қолдануды, кейбір желімдерде полимерлеудің ұзақ мерзімін және мардымсыз жылу тұрақтылығын жатқызады.


Желіммен алынатын бекім қосылыстардың тігістерін сұлбада желіде шығарылым қойылатын $\nless$ белгімен белгілейді $\nless$; желімдеген қосылыстың жерін тұтас желімен суреттейді, ол екі есе рет негізіден қалындау болуы тиіс (3.13, а сурет). Сұлбаның техникалық талаптарында бекім қосылыс қай желіммен жасалғаны көрсету қажет, мысалы «Желім БФ-2 МЕМСТ...».



3.13-сур.

Желімденген қабаттың оңтайлы қалыңдығы 0,05-0,15 мм болуы тиіс. Үлкенірек қалыңдықта каттылану барысында саңылаулар пайда болуы мүмкін. Жанасқан үстілердің бұдырлығының тиімді параметрлері Ra 2,5...3,2 мкм және жоғары. Желімденетін үстілердің талап етілетін алаңын бөлшектерді жүктеу түріне қарай анықтайды (жылжыту, біркелкі жұлыну, иілу және т.б.) және қажеттілік болғанда ұлғайтады, бұндайда қисық түйісулерді жасайды (3.13, а сурет), құлыпқа (3.13, б сурет), мұқабаға (3.13 в сурет) орналастырып, және қосымша бөлшектерді пайдалана отырады 1 (3.13, г сурет). Желім маркасын қосылатын бөлшектердің материалына және қосуды пайдалану жағдайларына қарай таңдайды: жүктеме, температура, ортаның агрессиялығы және т.б.. Желімдер желімденетін бөлшектердің үстілерін сенімді

молекулярлық ілінісуді (адгезия) қамтамасыз етуге қажет. Желімдер жылуға төзімділікті, қышқылдар, сілтелер, май, бензин, су әсерлеріне төзімділікті сақтау және оларды дайындағаннан кейін 2 сағат ішінде желімдейтін қабілеттікті сақтау қажет.



3.14-сур.

Дайындалған үстіне желімді қылшықпен, құйып, қалақшамен, роликпен, балқытумен, тозаңдату арқылы жағады.. 3.14 суретте желімді тігіске салу үшін пневматикалық шприцтің сұлбасы келтірілген. Желімді 2 шприц саптамасына 1 құяды. Шүріппеге басқанда 5 ауа камерасына 4 құбыршектен 6 келетін ауа қысымымен 3 микбас желім арқылы желімденетін үстіне басып шығарады.

Эпоксидтік желімдерді пайдаланған кезде желімді қабатты салғаннан кейін желімнен ерігіштерді бумен шығару үшін оны біраз кептіртеді (60 минутка дейін). Қажетті ұстаудан кейін желімденетін үстілер бұрандама қышқыштар, 0,05...2 МПа салмақты қысыммен арнайы құралдар көмегімен қысады. Желім қатаяғаннан кейін бөлшектердің үстілерінен металды қылшықтар, егеуқұм қағазы арқылы немесе еріткішпен жуумен артықтарды алып тастайды.

Созып қосу. Машина құрылысында жылжымайтын қосылыстарды жасау үшін, мысалы белдіктер — тегерішкі типті бөлшектерді жасау үшін, созып қосуды пайдалануға болады, олар түйіскен бөлшектердің отырғыздыру көлемдерінің айырмасымен жасалады.

Отырғызуды таңдау аз созғанда қосу бекімділігі мен жүктеме беру қамтамасыз етіледі, ал көп созғанда — бөлшектердің бекімдігі қамтамасыз етіледі. Созып қосу (шарлы мойынтіректерді белдіктерге, микбасты шеңберлерді микбасқа және т.б. орнату)

Машина құрылысында кеңінен қолданылады, қосулардың жалпы санынан — 10—17 %.

Кепілдірілген созу бөлшектер қосылу тәсіліне байланысты емес (қамтылған бөлшекті басып, қыздыру, салқындату немесе құрамдас тәсілмен).

Басумен бөлшектерді түйісу — ең әйгілі және күрделі емес үдеріс болып табылады. Оның кемшілігі жұқа қабырғалы бөлшектердің біркелкі емес өзгеруі мен жиектерді зақымдану мүмкіндігі.

200–400 °C дейін қамтитын бөлшектерді жылыту жолымен түйісу тәсілі кеңінен таралған. Осы тәсілдің кемшіліктері — металл құрылымының өзгеруі мүмкіндігі, күйген жері мен өзгеруі пайда болу.

Созумен бөлшектерді түйісудің жақсы тәсілі **қамтитын бөлшекті салқындату** болып табылады.

Кепілдірілген созуды беретін негізгі ауытқулар болып табылады: P, R, S, T, U, V, X, Y, Z, ZA, ZB, ZC (тесіктер үшін) және p, r, s, t, u, v, x, y, z, za, zb, zc (белдіктер үшін).

Қосылыстар тағайындалуына қарай созылудың ауар, орта және жеңіл отырғызу таңдалады.


Ауыр отырғыздыру үлкен жүктемелері бар қосылыстарда қолданылады, мысалы, вагон дөңгелектердің белағаштарында, станок қондырғыларындағы орнату шрифтерінде, прокаттау станоктардың белдіктерінің ұштарындағы түсірілмейтін жалғастырғыштарда, жүкті автомобильдің цилиндрлер блогының ұшындағы қақпағында (z, za, zb, zc ауытқулармен).

Орта отырғыздыру төлкелерді тегершікке және тісті дөңгелектерді баспақтаңқырау, кондуктор корпусымен кондукторлық төлкелерді қосу, тісті дөңгелектерді жылдамдықтар қорапшалардың белдіктеріне бекіту, бұралаң дөңгелектерді мыс тәжілерге орнату үшін қолдануға (v, x, y ауытқулар) ұсыналады.

Оңай отырғыздыру созылумен жұқа қабырғалы төлкелерді корпустармен қосуға, электрқозғалтқыш белдігінде орнату шеңберлеріне бекіту, төлкелерді метал кесетін станоктардың тісті дөңгелектермен қосу үшін қолдануға (p, r, s, t, u ауытқулар) ұсынылады.

Отырғызу бөлшекпен көрсетеді, оның алымында тесікке қол жеткізудің белгіленген өрістерді көрсетеді, ал бөлімінде — белдікке қол жеткізу өрісін белгілейді, мысалы Н6/т5. Отырғызулар белгілеуіндегі сандар квалитетті (дәлді дәржесін) көрсетеді, оған сәйкес МЕМСТ 25346—89 «Жалғы қағидалар, қол жеткізу қатарлары мен негізгі ауытқулар» бойынша өлшемдердің берілген аралықтары қол жетімділікті анықтайды. Отырғызуды белгілеу элементтің номиналдық мөлшерінен кейін көрсетеді, мысалы 50Н7s6 немесе Ø70Н6A5.

Армирлеу. Бекім қосылыстарды жасау тәсілдерінің біреуі *пластмассалық бөлшектерді* армирлеу болып табылады. Радио- және электротехникалық өнеркәсіпте басумен және қысыммен құю арқылы электрлік ажыратқыштарды, колодқоларды, панельдерді жасайды. Бұл жеке элементтерден жинау арқылы кейінгіде бекітумен алынатын ұқсас құрылымдардың еңбек сыйымдылығымен салыстырғанда, осындай бөлшектерді әзірлеудің еңбек сыйымдылығын 10 —100 есе рет қысқартуға көмектеседі.




3.15-сур.

